



**KAZ MINERALS PLC**  
6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2021 жылғы 28 қаңтар

## **KAZ MINERALS ТОБЫ 2020 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ІС-ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ**

2020 жылы KAZ Minerals Тобы 305,7 мың тонна мыс<sup>1</sup> өндіріді (2019: 311,4 мың тонна). Барлық өндірістік кәсіпорындардағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, жоспарлы аралықтан 2% артық өнім өндірілді. Жыл соңында Қазақстан-Қытай шекарасында тиеп-жөнелтудің кешіктірілуіне байланысты өндірістен шамалы аз көлем, яғни, 300,4 мың тонна мыс сатылды (2019: 316,9 мың тонна). Төртінші тоқсанда 75,7 мың тонна мыс өндірілді (3-тоқсан: 76,2 мың тонна). Бұл ретте Топ жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді де тиімді аяқтады. Жыл көлеміндегі алтынның<sup>2</sup> өндірісі – 196,3 мың унция (2019: 201,5 мың унция), сатылғаны - 204,6 мың унция (2019: 225,0 мың унция). Желтоқсан айында алтынның өндірісіне Бозшакөл кеніндегі металдың аз мөлшері мен бөліп алу коэффициентінің аз болуы және Бозымшақ кенішіндегі өндірістің уақытша тоқтауы әсер етті. Дегенмен жинақталған қорларды сатудың арқасында сату өндіріс көлемінен артық болды.

Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін, денсаулығы мен амандығын қамтамасыз ету – KAZ Minerals-тың бірінші кезектегі міндеті. Топ кәсіпорындарында қызметкерлерді қорғау және өндірістің тоқтау қауіпін азайту үшін COVID-19-ға тестілеу және оқшаулауды қоса алғанда, кешенді шаралар қолданылады. Төртінші тоқсанда COVID-19 Қытайға және Қытайдан жеткізілімдердің сәл кідіруін есепке алмағанда, өндірістік қызметке айтарлықтай әсер етпеді.

### **Ақтоғай**

Төртінші тоқсанда Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай өндірістік кәсіпорынында 12,5 млн тонна кен өндірілді, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 38%-ға артық (3-тоқсан: 9,06 млн тонна). Себебі, қыркүйекте өндірісі қайта басталған оксидті кен көлемі ұлғайды. 2020 жылы кен өндіру 25%-ға, яғни, 41,2 млн тоннаға дейін қысқарды (2019: 55,1 млн тонна). Бұған негізінен екінші және үшінші тоқсандарда оксидті кен өндіруді уақытша тоқтап, катодты мыс өндіру процесінің бұрын өндірілген шикізатты қайталап суландыруда шоғырлануы әсер етті. Сульфидті кенді өндіру – 30,8 млн тонна (2019: 35,7 млн тонна). Бұл өндіріс көлемі жылына 25 млн тоннаны құрайтын байыту фабрикасының (БФ) қуатынан жоғары. Оған тау-кен-дайындық жұмыстары және Ақтоғайды кеңейту жобасының аясындағы екінші фабриканы іске қосу қарсаңында кенді қоймалау себеп болды.

Төртінші тоқсанда сульфидті кеннен мыс өндіру көлемі - 27,3 мың тонна. Бұл үшінші тоқсанмен салыстырғанда 3% артық (26,5 мың тонна). Негізінен оған бөліп алудың неғұрлым төмен орташа коэффициентімен өтелген қайта өңдеу көлемінің 6% ұлғаюы ықпал етті. Сульфидті кеннен мыс өндірудің жылдық көлемі жоспарланған аралықтың жоғарғы шегінде, яғни, 109,9 мың тонна, бірақ байыту фабрикасының өткізу қабілетінің 4% төмендеуіне байланысты 2019 жылдың көрсеткішінен 11% аз (123,0 мың тонна). Бұл негізінен техникалық қызмет көрсету мерзіміне байланысты болды. Өйткені, 2020 жылдың қаңтарында 2019 жылдың төртінші тоқсанынан келесі жылға шегерілген диірмен қаптамасын ауыстыру аяқталды, содан кейін қалған екі қосымша ауыстыру да, төменгі мөлшермен және бөліп алу коэффициентімен жанасты.

Төртінші тоқсанда оксидті кеннен 4,6 мың тонна катодты мыс өндіріліп, температураның маусымдық ауытқуына байланысты бұған дейінгі тоқсаннан (3-тоқсан: 5,2 мың тонна) аз болды. 2020 жылы оксидті кенді қайта өңдеу кешені 21,3 мың тонна катодты мыс өндіріді. Бұл өткен жылға қарағанда 6%-ға аз (22,7 мың тонна) болғанымен, 2024 жылға дейінгі жылына 20 мың тоннаға жуық болатын ұзақ мерзімді жоспардан жоғары.

Сөйтіп, 2020 жылы Ақтоғай 120-130 мың тонна жылдық жоспарлы аралықтан асып, 131,2 мың тонна мыс өндіріді. Өңделген сульфидті кендегі металдың жылдық орташа мөлшері күтілгеннен жоғары болды. 2019 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 0,58%-дан 0,56%-ға дейін төмендесе де, жобалық 0,33% көрсеткішінен асты.

<sup>1</sup> Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдың оксидті кенінен өндірілген катодты мыс

<sup>2</sup> Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл

## **Бозшакөл**

Павлодар облысындағы Бозшакөлде төртінші тоқсанда 9,8 млн тонна кен өндірілді. Бұл үшінші тоқсанға (8 млн тонна) қарағанда 23% артық. Осы көрсеткіште 6,8 млн тонна (3-тоқсан: 6,5 млн тонна) сульфидті кен және 3,01 млн тонна (3-тоқсан: 1,51 млн тонна) каолин балшығы бар кен есептелген. 2020 жылы Бозшакөлде 32,1 млн тонна кен өндірілді (2019: 35,7 млн тонна). Жалпы, 2020 жылы кен өндіру көлемі өңдеу көлеміне сәйкес келді, ол БФ өткізу қабілеттерінің жобалық көлемінен, яғни, жылына 30 млн тоннаға жуық (сульфидті және каолин балшығы бар кендер) көрсеткіштен асып түсті.

Төртінші тоқсанда өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері 0,52%-ға дейін артты (3-тоқсан: 0,49%), бұл ретте сульфидті кенде орташа - 0,51%, каолин балшығы бар кенде орташа - 0,61%. Кендегі металдың анағұрлым жоғары болуының арқасында мыс өндірісі төртінші тоқсанда 31,3 мың тоннаға (3-тоқсан: 30,3 мың тонна) дейін өсті. Бұл қазан айында аяқталған екі байыту фабрикасындағы қаптаманы жоспарлы ауыстыруға байланысты өткізу қабілетінің төменірек болуымен ішінара өтелді.

Бозшакөлдегі мыс өндірісінің жылдық көлемі – 122 мың тонна, жоспарланған 110-120 мың тонна ауқымынан асып, өткен жылмен салыстырғанда 11%-ға артық (2019: 110,2 мың тонна) болды. Кенді қайта өңдеу көлемі және мыстың орташа үлесі жоғары болса, ал бөліп алу коэффициенті төмендеді.

Төртінші тоқсанда алтын өндіру көлемі 15%-ға төмендеп, 31,4 мың унцияны (3-тоқсан: 37,0 мың унция) құрады. Оған кен өңдеудің азырақ көлемі, орташа үлестің 0,24 г/т (3-тоқсан: 0,25 г/т) болуы және бөліп алудың 56% (3-тоқсан 60,5%) болған төмен коэффициенті кесірін тигізді. Негізгі байыту фабрикасында күкірттің көп болуына және каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрикада оксид кенінің шамалы мөлшерін өңдеуге байланысты алтынды бөліп алудың орташа коэффициенті жыл соңында уақытша төмендеді.

Жалпы 2020 жылы 151,7 мың унция алтын өндірілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5% артық (2019: 144,8 мың унция) және болжамды 140-150 мың унциядан жоғары.

2020 жылы күміс өндірісінің көлемі 949 мың унцияны құрады. Бұл жоспарлы шамамен 700 мың унция көрсеткішінен асады, өткен жылғы көлемнен 18% артық (2019: 803 мың унция).

## **Шығыс өңір мен Бозымшақ**

Шығыс өңірдің кәсіпорындарында (Шығыстүстімет) және Бозымшақ кенішінде кен өндіру төртінші тоқсанда 690 мың тоннаға дейін (3-тоқсан: 997 мың тонна) төмендеді. Негізінен, бұл Қырғызстандағы саяси тұрақсыздық кезінде жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2020 жылғы 7 қазаннан 26 желтоқсанға дейін Бозымшақта өндірісті уақытша тоқтатудың салдарынан болды.

Төртінші тоқсанда кенді қайта өңдеу көлемі 705 мың тоннаны құрап (3-тоқсан: 976 мың тонна), Николаев байыту фабрикасында жинақталған кенді қайта өңдеу есебінен өндіру көлемінен біршама асып түсті. Төртінші тоқсанда Шығыс өңірдің шахталарымен салыстырғанда құрамы неғұрлым төмен Бозымшақ кені үлесінің азаюының арқасында өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері 2,07%-ға (3-тоқсан: 1,73%) дейін өсті.

2020 жылы 3,75 млн тонна кен өндірілді, ол 2019 жылғы деңгейден 3% төмен (3,88 млн тонна), ал кенді қайта өңдеу көлемі 9%, яғни, 3,79 млн тоннадан 3,47 млн тоннаға дейін төмендеді. Бұл негізінен төртінші тоқсанда Бозымшақта өндірудің тоқтатылуына байланысты болды. 2020 жылы қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері Орлов БФ-дағы неғұрлым жоғары көрсеткіш пен Бозымшақта қайта өңдеудің төмендеуі есебінен 1,78%-ға (2019: 1,71%) дейін ұлғайды.

Бозымшақтағы уақытша тоқтау, сондай-ақ, Николаев БФ-ның карьерлік қалдық қоймасына көшуі салдарынан төртінші тоқсанда мыс өндіру 12%-ға, яғни, 12,5 мың тоннаға дейін (3-тоқсан: 14,2 мың тонна) төмендеді. Дегенмен, мыс өндірісінің жылдық көлемі 52,5 мың тоннаны құрады. Бұл жоспарлы 50 мың тонна көрсеткіштен жоғары, бірақ Бозымшақтың уақытша жабылуына байланысты өткен жылға қарағанда (2019: 55,5 мың тонна) 5%-ға төмен.

Алтын өндірісінің көлемі төртінші тоқсанда 4,5 мың унцияға дейін төмендеді. Үшінші тоқсанда бұл көрсеткіш 13,7 мың унцияға тең болды, өйткені Бозымшақ 10,2 мың унция өндірген еді. Алтынның жылдық өндіріс көлемі - 44,0 мың унция (2019: 53,7 мың унция). Бұл жоспарланған 40-50 мың унция деңгейіне сәйкес келеді.

Төртінші тоқсандағы 362 мың унция көлеміндегі күмістің өндірісі Бозымшақта өндірістің шектелуіне және Шығыс өңірінің кендерінде орташа үлестің төмен болуына байланысты бұған дейінгі тоқсаннан 35%-ға төмен (3-тоқсан: 554 мың унция). Күмістің жылдық өндірісі - 1,95 млн унция (2019: 2,02 млн унция). Бұл шамамен 2 млн унция көлеміндегі жылдық болжамға сәйкес келеді.

Концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі төртінші тоқсанда 10,2 мың тоннаға (3-тоқсан: 15,7 мың тонна) дейін азайды. Өйткені өндіріс Артемьев шахтасының мырыш мөлшері неғұрлым төмен учаскелерінде жүргізілді. Жалпы 2020 жылы жоспарлы 45-50 мың тонна аралықтың жоғарғы шегіне сәйкес келетін 49,7 мың тонна концентраттағы мырыш өндірілді.

Топ өндірісіне қысқаша шолу		2020: 12 ай	2019: 12 ай	2020: 4-тоқ.	2020: 3-тоқ.	2019: 4-тоқ.
<b>Мыс өндіру</b>	<b>мың тонна</b>	<b>305,7</b>	<b>311,4</b>	<b>75,7</b>	<b>76,2</b>	<b>80,9</b>
Ақтоғай	мың тонна	131,2	145,7	31,9	31,7	34,3
Бозшакөл	мың тонна	122,0	110,2	31,3	30,3	31,0
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	52,5	55,5	12,5	14,2	15,6
Алтын өндіру	мың унция	196,3	201,5	35,9	50,7	55,3
Күміс өндіру	мың унция	3 374	3 382	732	901	886
Концентраттағы мырыш	мың тонна	49,7	38,3	10,2	15,7	9,4

**KAZ Minerals** Тобының басқарма төрағасы **Эндрю Саузам** былай деп мәлімдеді: "COVID-19-ға байланысты қиындықтарға қарамастан, біз қызметкерлерімізді қорғау шараларын сәтті қабылдадық. Мен осындай қиын жағдайлардағы Топтың өндірістік көрсеткіштерін мақтан тұтамын. KAZ Minerals төртінші тоқсанда жоғары өндірістік көрсеткіштерді қамтамасыз етті. 2020 жылы біз сульфидті кенді қайта өндеуде рекордтық көлемге – 59,2 млн тоннаға жетіп, мыс өндірісінің көлемін 306 мың тоннаға жеткіздік. Бұл біздің жоспарлы аралықтан жоғары».

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:**

#### **KAZ Minerals PLC**

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	<b>Tel: +44 20 7901 7814</b>
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	<b>Tel: +7 727 244 03 53</b>
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	<b>Tel: +7 727 244 03 53</b>

#### **РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ**

**KAZ Minerals** – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2020 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 306 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 196 мың унция алтын мен 3,374 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,35% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші кварталға кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері

0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті – шамамен \$8 млрд.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.